**Бекітемін:**

## Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

**(1) 2 -апта**

**Білім беру ұйымы**: №116 орта мектеп
**Топ/сынып:МАД «б»**
**Балалардың жасы: 5-6 жас**
**Жоспардың құрылу кезеңі: 9-13 қаңтар, 2023 оқу жылы**

| Ү. і. ә. кестесі / Күн тәртібі | Дүйсенбі<br>Сөйлеуді дамыту<br>Математика негіздері<br>Қоршаған ортамен таныстыру<br>Дене шынықтыру<br>9.01 | Сейсенбі<br>Сауат ашу негіздері<br>Математика негіздері<br>Қазақ тілі<br>Музыка<br>10.01 | Сәрсенбі<br>Математика негіздері<br>Сөйлеуді дамыту<br>Көркем әдебиет<br>Дене шынықтыру<br>11.01 | Бейсенбі<br>Сауат ашу негіздері<br>Қазақ тілі<br>Қоршаған ортамен таныстыру<br>Музыка<br>12.01 | Жұма<br>Сауат ашу негіздері<br>Көркем әдебиет<br>Дене шынықтыру<br>Сурет салу 0,25<br>Құрастыру 0,25<br>Мүсіндеу 0,25<br>Жапсыру 0,25<br>13.01 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау. Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Сәлеметсіз бе?! Демалысың қалай өтті? | Қайырлы күн! | Қош келдің! | Сәлем, көңіл күйің қалай? | Армысың, алтын күн! |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Кешенді жаттығу. №1** | **Кешенді жаттығу. №2** | **Кешенді жаттығу. №3** | **Кешенді жаттығу. №4** | **Кешенді жаттығу. №5** |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті,** | Құрлымдалған ойын «Апта күндері» Мақсаты: Апта күндерін рет-ретімен айта алады. Баланың тілі, ойы, танымдық қабілеті дамиды. | **Қимылдық ойын:** «Бағдаршам». Мақсаты: байқағыштықты, тыныс алу дағдыларын, ереже бойынша әрекет ету іскерліктерін дамыту. Барысы: Түрлі- түсті | **Дидактикалық ойын:** «Сиқырлы қапшық». Мақсаты: балалар заттарды қолымен ұстап, сезуге үйрету. Қапшықта: геометриялық пішіндер. Геометриялық денелер: шар, текше, үшбұрыш. | Педагогтың жетекшілігімен жүргізілетін ойын:**Дидактикалық ойын:**«Дәл осындай пішінді тап» **Мақсаты**: геометриялық пішіндер жайлы біледі.Пішіндерді | **Дидактикалық ойын:** «Айналандағы заттарды ата» Мақсаты: Балаларды сөзді дұрыс айтуға үйрету. Ойын барысы: Мұғалім балаларға айналасындағы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ұйымдастырылған іс-әрекет** | **1.Сөйлеуді дамыту** («Ақсақ құлан» аңызы)<br><br>**Міндеті:** Әңгімені мазмұны бойынша әңгімелету<br>**Ресурстар:** жылқы тектес жануарлардың үлгі суреті, қолайна, демонстрациялық құрал, жұмыс дәптері, төлдердің атрибуттары.<br><br>**Әдіс-тәсілдері:** түсіндіру, сұрақ-жауап, топтық жұмыс<br>**Дидактикалық ойын:** «Енесін төлдерімен табыстыр»<br><br>**Күтілетін нәтиже:** қойылған сұрақтарға жауап береді, төлдердің дауысын салады;<br>аңыздың мазмұны бойынша әңгімелеу, құланның қандай аң екенін, аңдарға жамандық жасауға болмайтынын; сөздерді буынға | **1.Сауат ашу** (27.Дыбыстық талдау)<br>**Міндеті:** Дыбыстық талдауды меңгертуді жалғастыру. Қатаң, ұяң, үнді дауыссыз дыбыстарды айтылу барысында ажыратуды жетілдіру.<br>**Әдіс-тәсілдер:** түсіндіру, бала үні, ашық сұрақ, миға шабуыл әдісі.<br><br>**Дидактикалық ойын: «Кім зерек?»** Балаларға көк түсті тұртбұрышты, дөңгелекті, үшбұрышты алдыларына беріледі. Педагог балаларға қатаң дыбысты айтса, төртбұрышты, ұяң дыбысты айтса, дөңгелекті, үнді дауыссыз дыбысты айтса, үшбұрышты көтереді . Мысалы: қатаң дыбыстар: п, ф, к, қ, т, ш, с, х, һ, ц, ч, щ. Ұяң дыбыстар: б, в, г, ғ, д, ж, з. Үнді дыбыстар: й, л, м ,н, ң, р, у.<br>**Кері байланыс,** | **1. Математика негіздері** (Бүтін және бөлік.)<br><br>**Міндеттері:** Түпкілікті жиын мен оның құрамдас бөліктерінің арасындағы қатынасты анықтау білігін дамыту: бүтін өзінің бөлшегінен үлкен сандарды салыстыру білігін дамыту.<br>. **Әдіс-тәсілдер: :** «Кім жылдам?», Бала үні, Топтық жұмыс<br>Күтілетін нәтиже: дөңгелек пен шаршыны ортасынан және төрттен бір бөлу, бөліктерден бүтінді құрастыруды.<br><br>**Дидактикалық ойын:** Қандай пішінге ұқсайды» Мақсаты: заттарды пішіндеріне қарай ажырату. Ойлау қабілеттерін дамыту. Шарты: заттардың пішініне қарай төрт топқа бөлу.<br><br>**Кері байланыс, рефлексия:** «Бағдаршам» әдісі | **1. Сауат ашу** (27.Дыбыстық талдау)<br><br>**Міндеттері:** Дыбыстардың сөз ішіндегі орнын анықтай алу дағдыларын дамыту<br>. **Әдіс-тәсілдер:** түсіндіру, бала үні, ашық сұрақ, миға шабуыл әдісі.<br><br>**Дидактикалық ойын: «Жалауша»** педагог балаларға дыбыс айтып, сол дыбысы бар сөздерді табады. Егер дыбыс сөз басында болса, қызыл жалаушаны, сөз соңында болса, көк жалаушаны, сөз ортасында болса, екі жалаушаны да желбіретеді. Мысалы: (Е) етік, керік, себет, серке, Берік, ет, ер, елік, текемет, ел, тер, Ерлан, тәрелке, ешкі, күлтеше, жүрек, тірек, бәтеңке, есік т.б. (Ә) әтеш, бәтеңке, бәсіре, бәліш, әтір, әңгелек, әміре, Кәмилә, Кәмшат, әйнек, мәсі т.б. (Ұ) ұршық, ұлу, ұшақ, ұзын, құмыра, ұн, құндыз, құлып, Ұлжан, | **1. Сауат ашу** (28.Дыбыстық талдау)<br>**Міндеттері:** Дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратуларын жетілдіру.<br>**Әдіс-тәсілдер:** түсіндіру, бала үні, ашық сұрақ, миға шабуыл әдісі.<br>**Дидактикалық ойын: Артикуляциялық жаттығу** жасау.<br>«Күрекше» – тілді жалпайтып шығарып, астыңғы ерінге тигізу керек. «Ине» – ауызды кең ашып, тілді алға қарай сүйірлей шығарып, 10–15 секунд ұстап тұру керек. «Төбешік» – жоғарғы тістерді төменгі тістерге тигізіп тұрып, ерінді түтікше етіп алға созу. Осы күйде ерінді 5–10 секунд ұстап тұру керек. «Түтікше» – Тілді ауыздан жалпайтып шығарып, тілдің екі шетін көтеріп, түтікшемен үрлегендей үрлеу. «Сөз айт, дұрыс айт» дидактикалық ойыны Педагог балаларға көк |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бөледі.<br><br>**Кері байланыс, рефлексия:** «Бас бармақ» әдісі | **рефлексия:** «Жұлдыздар» әдісі | | ұлпа, құс, ұрыс, ұрық, ұмыт, ұқыпты, құм т.б.<br>**Кері байланыс, рефлексия:** «Көңілді смайликтер» әдісі | түсті төртбұрышты көрсетіп, қатаң дауыссыз дыбыстан басталатын сөздерге мысалдар келтіруге тапсырма береді. Мысалы: (пима, фабрика, кілт, қант, тұз, шана, сабын, хат, қайық, циркуль, щетка т.б.). Қызыл түсті домалақты көрсетіп, жіңішке дауысты дыбыстардан басталатын сөздерді айтуларын сұрайды. (Әтеш, өшіргіш, өмір, елгезек, ірімшік, элеватор, ін, иық, үтік т.б.) Енді үнді дыбыстардан басталатын сөздерді айтуларын сұрайды. (Лақ, мысық, нағашы, радио, уық, т.б.)<br>**Кері байланыс, рефлексия:** «Білім ағашы» |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **2. Математика негіздері**<br>(Бүтін және бөлік.)<br>.<br>**Міндеттері:** «бүтін және бөлік» туралы ұғым қалыптастыру<br>**Қажетті материалдар:**<br>№2жұмыс дәптері, полотно, кірпінің макеттері және екі дорба; алма мен саңырауқұлақтың муляждары.<br><br>**Әдіс-тәсілдер:** «Кім жылдам?», Бала үні, Топтық жұмыс<br>Күтілетін нәтижелер: «бүтін», «бөлік» сөздерін айтуды үйренеді<br><br>**Дидактикалық ойын:** «Үлкен заттарды тап»<br>Мақсаты: көлем ұғымын түсіндіру. Заттарды көлеміне қарай ажыратуға үйрету.<br>Шарты: суреттердің ішінен үлкен заттарды тауып, аттарын атап, | **2. Математика негіздері**<br>(Бүтін және бөлік.)<br><br>**Міндеттері:**<br>Бөліктерден бүтінді құрастыруға және бүтінді бөліктерге бөлуге үйрету<br>**Әдіс-тәсілдер: :** «Кім жылдам?», Бала үні, Топтық жұмыс<br>**Күтілетін нәтиже:** затты (фигураны) өзінің бөліктерінен қалай құрастыруға болатынын меңгереді<br>**Дидактикалық ойын:** Қандай пішінге ұқсайды»<br>Мақсаты: заттарды пішіндеріне қарай ажырату. Оқлау қабілеттерін дамыту.<br>Шарты: заттардың пішініне қарай төрт топқа бөлу.<br><br>**Кері байланыс, рефлексия:**<br>«Бағдаршам» әдісі | **2.Сөйлеуді дамыту**<br>(«Ақсақ құлан» аңызы)<br><br>**Міндеті:** Дыбысталуы ұқсас дауыссыз р-л дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету.<br>**Ресурстар:** жылқы тектес жануарлардың үлгі суреті, қолайна, демонстрациялық құрал, жұмыс дәптері, төлдердің атрибуттары.<br><br>**Әдіс-тәсілдері:** түсіндіру, сұрақ-жауап, топтық жұмыс<br>«Л» – «Р» дыбыстарының дұрыс **артикуляциясы** мынадай: ерін, тіл сәл ашылып, тілдің ұшы үстіңгі тістің түбіне тиеді. «Л»дыбысын айтқанда тілдің ұшы жоғары көтеріліп, тістің түбіне тиеді. Ал тілдің артқы жағыкөтеріңкі, ортасы ашық болып, екі жағы тіске тимей, дем осы тілдің ортасынан шығады.<br>Бірге айтып қайталайық.<br>«Л» – дауыссыз дыбыс.<br><br>**Кері байланыс,** | **2. Қазақ тілі**<br>(Жақсы өнеге)<br>**Міндеті:** Қазақ тіліндегі сыпайы сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету<br>**Қолданылатын көрнекі құралдар:** қуыршақтар – Сәуле мен Арман, жұмсақ ойыншықтар, жұмыс дәптері, айна.<br><br>**Әдіс-тәсілдер:** түсіндіру, бала үні, ашық сұрақ, миға шабуыл әдісі<br><br>**Дыбыстық жаттығу** (айнамен орындалады).<br>Ә- ә - ә - ә – ә – әәдеп-ті, әдепті.Ө -ө-ө-өөті- не-мін, өтінемін.<br>І-і-і - ке-ші-і-р-і-і-ң-ң-і-і-з, кешіріңіз<br>**Дидактикалық ойын:**<br>**Кері байланыс, рефлексия:**<br>«Бағдаршам» әдісі | **2.Көркем әдебиет**<br>(Орман емшілері (Максим Зверевтің әңгімесі))<br><br>**Міндеті:**<br>Байланыстырып сөйлеу дағдысын жетілдіру<br>Қолданылатын көрнекі құралдар мен жабдықтар: орманның көрінісі, ағашты тазалап жатқан тоқылдақтың, торғай мен шымшықтың суреттері, слайд, №1 жұмыс дәптері, түрлі түсті қарындаштар.<br>**Әдіс-тәсілдер:** түсіндіру, сұрақ-жауап, топтық жұмыс<br>**Ойын-жаттығу:**<br>«Қыстап қалатын және ұшып келетін құстар».<br>Мақсаты: балаларды қыстап қалатын құстар мен жыл құстарын айыра білуге үйрету. Балалардың сөйлеу тілін белсендіру.<br>Материал: қыстап қалатын құстар мен жыл құстары бейнеленген иллюстрациялар. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| түстерін ажырату.<br><br>**Кері байланыс, рефлексия:** «Көңілді смайликтер» әдісі | | **рефлексия:** «Көңілді смайликтер» әдісі | | Сипаты:балалар екі топқа бөлінеді, бірінші топ жыл құстары бейнеленген суреттерді, ал екінші топ қыстап қалатын құстар бейнеленген суреттерді жинайды. Ойыннан кейін жыл құстары панно түрінде орналастырылад<br>**Кері байланыс, рефлексия:** «Көңілді смайликтер» әдісі |
| **3.Қоршаған ортамен таныстыру** (Боран қай кезде соғады?)<br>**Міндеті:** Қыста табиғатта болатын маусымдық өзгерістерді бақылап, олардың атын атау және бір-бірінен ажыратуға үйрету.<br>**Қолданылатын көрнекі құралдар:** әліппе-дәптер, түрлі түсті қарындаштар, «Қыс» тақырыбына салынған суреттер<br>**Әдіс-тәсілдер:** | **3. Қазақ тілі** (Мамандықтың бәрі жақсы)<br>**Міндеті:**<br>Мамандықтардың ерекшелігінтүсіндіріп, байланыстырып сөйлеуге, жаңылтпаштарайтуғаү йрету<br>**Қолданылатын көрнекі құралдар:** қуыршақтар – Сәуле мен Арман, қима материалдар, мамандықтар (слайд), жұмыс дәптер, қарындаштар, айна, фишкалар. | **3. Көркем әдебиет** Тәуелсіздігіміз мәңгілік (Әлия Дәулеткелдінің әңгімесі)<br><br>**Міндеті:** Тілдік ойлау қабілетін дамыту, сөздік қорын байыту.<br>**Қолданылатын көрнекі құралдар мен жабдықтар:** Қазақстанның картасы, Тәуелсіздік монументінің суреті, Алматы, Нұр-Сұлтан қалаларының көрнекті орындары, Бәйтерек, Медеу, цирк, слайд, №1 жұмыс дәптері, | **3.Қоршаған ортамен таныстыру** (Боран қай кезде соғады?)<br>**Міндеті** Құрбы-құрдастарымен және ересектермен қарымқатынас жасай білуге тәрбиелеу<br>**Қолданылатын көрнекі құралдар:** әліппе-дәптер, түрлі түсті қарындаштар, «Қыс» тақырыбына салынған суреттер **Әдіс-тәсілдер:** түсіндіру, әңгімелесу, бала үні, ашық сұрақтар<br>**Кері байланыс, рефлексия:** «Білім | **3.Дене шынықтыру** («Хоккей ойнаймыз!» (таза ауада))<br>**Міндеті:** Балаларды тоқтамай жүгіруге, коньки, шаңғы тебушінің қимылын келтіріп, кең адымдап сырғанап жүруге жаттықтыру.<br>**Әдіс-тәсілдері:** түсіндіру, үйрету, ойнау<br><br>**Рефлексия:** мадақтау, өзін-өзі бағалау<br>**Қимылды ойын:** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | түсіндіру, әңгімелесу, бала үні, ашық сұрақтар<br>**Кері байланыс, рефлексия:** «Білім ағашы» | **Әдіс-тәсілдер:** түсіндіру, бала үні, ашық сұрақ, миға шабуыл әдісі<br><br>**Дыбыстық жаттығу** (айнамен орындалады).<br>Ұ-ұ-ұш- ұш-қыш – ұшқыш.Ә-ә-ә-дә-рі-і-і-гер – дәрігер.<br>Қ-к-қ-ұ-ұ-құ-құр-ыл-ыс-шы – құрылысшы.<br>Ғ-ғ-ғ-ғ- ға-ға-рыш-кер- ғарышкер.<br><br>**Кері байланыс, рефлексия:** «Көңілді смайликтер» әдісі | түрлі түсті қарындаштар.<br>**Әдіс-тәсілдер:** түсіндіру, бала үні, ашық сұрақ, миға шабуыл әдісі,<br>**Дидактикалық ойын:** «Кім жылдам». Ойын шарты: Мақалдың басын педагог айтады, балалар жалғастырады. – Туған жерге туыңды ... (тік). – Батыр туса ел ырысы, жаңбыр жауса ... (жер ырысы).<br>**Кері байланыс, рефлексия:** «Бас бармақ» әдісі | ағашы» | **Кері байланыс, рефлексия:**<br>«От шашу» әдісі |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **4. Дене шынықтыру** («Асықпен ойналатын ойындар»)<br>**Міндеттері:** Малдас құрып отырып, ұсақ заттарды (асықтарды) лақтырып, оны қайтадан қағып алуға үйрету **Әдіс-тәсілдері:** түсіндіру, үйрету<br><br>**Қажетті құралдар** қоржын, балалар санына қарай асықтар, көрпешелер,<br>**Қимылды ойын:** Үшінші артық» (3 рет)<br>Бір-бірінің желкелерінен қарап, екі-екіден үлкен шеңбер құрып тұрады. Жұптардың арақашықтығы – 2-3 адым.<br>«Артық» ойыншы қашады, жүргізуші оны қуады. «Артық» бала кез келген жұптың алдына тұра қалады, енді қатарда үшінші болып тұрған | **4.Музыка** (Орманда серуендейміз)<br>**Міндеттері:** Мерекелік әннің шаттық көңілін көңілді жеткізіп, жеңіл, ширақ дауыспен шумақтардың соңын жұмсартып айт<br>**Қолданылатын көрнекі құралдар:** «ұлпақар»-таяқшалар, үнтаспа, диск, нота хрестоматиясы.<br><br>**Әдіс-тәсілдер:** ән айту<br>**Музыкалық ырғақтық қимылдар:** Сағат» (Е. Андосов). Сағаттың қимылымен балалар иіледі, шапалақтайды, қол ұстасып, аяқтарымен топылдатады. Жеңіл әуенге ілесіп би қимылдарының элементтерін жасау.<br>***Билер.*** «Ұлпақарлар биі»<br>**Кері байланыс, рефлексия:** | **4.Дене шынықтыру** («Хоккей ойнаймыз!» (таза ауада))<br>**Міндеті:** Хоккей элементтері. Берілген бағытта қақпаға хоккей таяқпен шайбаны сырғанату, оны қақпаға кіргізу.<br><br>**Әдіс-тәсілдері:** түсіндіру, үйрету<br><br>**Қажетті құралдар:** имек ағаштар, текше нысаны, имек ағашпен орнын ауыстыратын 20х10 см текшелер, пластмасса конустар.<br><br>**Рефлексия:** мадақтау, өзін-өзі бағалау<br><br>**Кері байланыс, рефлексия:**<br>«От шашу» әдісі | **4.Музыка** («Қысқы әуен сыңғырлайды»)<br>**Міндеттері:** Шығармалардың эмоциялық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін ажырату. Қолмен музыка бағытын (жоғары- төмен) көрсете отырып, әуеннің жоғарғы- төменгі қозғалысын ажырату<br><br>**Әдіс-тәсілдер:** ән айту<br>**Музыкалық ырғақтық қимылдар:** Сағат» (Е. Андосов). Сағаттың қимылымен балалар иіледі, шапалақтайды, қол ұстасып,<br><br>***Билер.*** «Ұлпақарлар биі»<br>**Кері байланыс, рефлексия:**<br>«Бас бармақ» әдісі | **4.Шығармашылық (құрастыру,мүсіндеу, сурет,жапсыру) Құрастыру** (Ою-өрнектер)<br><br>**Міндеттері:** Көрнекіліктерді қолдану және ойдан шығару, өзінің көз алдына елестету арқылы жұмыс жасай білуді дамыту<br>**Көрнекі құралдар:** сым темірлер, оюөрнектер,<br>**Әдіс-тәсілдер:** түсіндіру,көрсету, бала үні,<br>**Дидактикалық ойын:**<br>**Кері байланыс, рефлексия:**<br>«Көңілді смайликтер» Балалар өздері сым темірден жасаған оюөрнектерінен көрме ұйымдастырады, жақсы жасалған оюлар таңдалады, кімге қандай ою ұнағанын айтып береді. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бала қашады. Жүргізушіге ұстатпауға тырысады.<br><br>**Кері байланыс, рефлексия:**<br>«От шашу» әдісі | «Бас бармақ» әдісі | | | |
| **Серуен** | **Қыс. К. №12. Қар жауып тұрған құбылысты бақылау** | **№13. Қырауды бақылау** | **№13. Қырауды бақылау** | **№15. Қайың ағашын бақылау** | **№16. Терезедегі өрнектерді бақылау** |
| **Балалардың үйгеқайтуы** | Сауболыңыз! | Кездескенше! | Ертеңгедейін,...! | Амандықтажолығайық! | Жақсыдемалыңыздар! |